

## **Ата-аналарға жаднама**

**Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі үшін**

Қылмыстың бір түрі-балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады.

Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Көп жағдайда ол туралы милицияға хабарлай алмайды, себебі білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді. Сондықтан да балаға мынаны түсіндірген жөн:

- Үйде жалғыз қалғанда, бөгде адамдарды үйге кіргізбеу керек;
- Бейтаныс адамның көлігіне отырмау, қыдырып жүргенде бейтаныс адамдардың ұсынған затын алмауға, ұсынысын қабылдамауға үйрету;
- Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік журмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүргуге үйрету;
- Балаға сеніңіз, сонда ол сізге барлық шындығын айтуды үйрекнеді;
- Дұрыс тәрбие балаға болашаққа деген сеніммен қарауға және қауіп-қатерді тез білуге үйретеді;
- Тәрбиеші мен репетиторды жалдағанда өте мұқият болған жөн, себебі сіз балаңызды басқа адамның тәрбиесіне бергелі отырсыз;
- Егер сіз балаға қатыгездікпен қарау жағдайларын естіген болсаңыз немесе көрген болсаңыз, бірден білікті билік органдарына хабарлаңыз.



**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ № 34 ОРТА МЕКТЕБІ  
АТА –АНАЛАРМЕН ЖУРГІЗЛЕТІН ЖҰМЫС  
ЖОСПАРЫ**

<b>№</b>	<b>Жұмыс мазмұны</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Жұмыс түрі</b>	<b>Жауаптылар</b>
<b>1</b>	Ата-аналар үйімінің отырысы, жылдық жоспарды бекіту	Қыркүйек	кенес	Директор Тәрбие ісі орынбасары Ата-аналар үйімінің төрайымы
<b>2</b>	Үйімдастыру жұмыстары, кітаппен камтамасыз ету, класс жетекшілерді бекіту, таныстыру.	Қыркүйек	Әр кластағы ата-аналар жиналысы 1-11 класс	Утебаева Б.Р 1-11 класс жетекшілер
<b>3</b>	Бастауыш класс оқушыларына тән психологиялық ерекшеліктерін мектепте бейімдеу кезендері	Қыркүйек	Жеке, топтық консультация	Мектеп психологтары
<b>4</b>	Ата-аналардан тест жұмысы	Қазан	Ата-аналар жиналысы	Мектеп психологтары
<b>5</b>	Мектептің ішкі тәртіп ережесі Құқықбұзуышылдық алдын алу Жолда жүру ережесін сактау	Қазан	Жалпы ата-аналар жиналысы	Директор Оку ісі менгерушісі Тәрбие ісі орынбасары
<b>6</b>	Мені толғандырган ойлар	Қараша	Ата-аналар және есепке алынған оқушылармен сұхбат	Мектеп психологы Класс жетекшілер, пән мұғалімі
<b>7</b>	Инфекциялық аурулардың алдын-алу I тоқсан қорытындысы	Қараша	Тоқсандық ата-аналар жиналысы	Утебаева Б.Р Класс жетекшілер
<b>8</b>	«балаларға базарлық»	Желтоқсан 25-30	Жаңа жылдық сыйлықтар	Утебаева Б.Р Класс жетекшілер
<b>9</b>	Fасыр дертіне тосқауыл II тоқсан қорытындысы	Қантар	Тоқсандық ата-аналар жиналысы	Утебаева Б.Р Класс жетекшілер
<b>10</b>	Ана-өмір гүлі	Наурыз	Аналар байқауы	1-11 класс жетекшілері Мектеп музыкант
<b>11</b>	Дүние аналармен көрікті ғой	Наурыз	Аналарды, ұстаз аналарды, ұстаз зейнеткер	Утебаева Б.Р Класс жетекшілер
<b>12</b>	«Бала тәрбиесі-баршаның ісі» III тоқсан қорытындысы Бала тәрбиесіне қалай көніл бөлесіз? Саялнама жұмыстары	Сәуір	Тоқсандық ата-аналар жиналысы	Утебаева Б.Р Класс жетекшілер
<b>13</b>	Бала жетістігі ата-ананың қуанышы	Мамыр	Балалар шығармашылығынан қорытынды концерт	Баймұқанова Г
<b>14</b>	Баланыздың білімі мен тәртібі қандай деңгейде? IV тоқсан және жылдық қорытындысы Жазғы демалысты қалай өткізеді?	Мамыр	Жылдық қорытынды ата-аналар жиналысы	Утебаева Б.Р 1-11 класс жетекшілері



## Ата-аналар жиналышын дайындау және өткізу туралы Ереже

### Ережеге негіз болған құжаттар

1. КР «Білім туралы» Заңы
2. Бала құқығы туралы Конвенция
3. № 34 мектеп Жарғысы, мектеп туралы Ереже

### I. Жалпы ережелер

**Ата-аналар жиналышы** – бұл оку жылында 4-5 рет өткізілетін ата-аналардың мектеппен ынтымақтастырының басты баспалдақтарының бірі болып табылады.

Мұғалімдер арасында ата-аналар жиналышы сабактардан немесе кластан тыс жұмыстардан маңызы кем емес күрделі «жанр» болып саналады. Бұл жерде оқыту процесіне қатысушы еki тарап-педагогтер мен ата-аналар –бір-біріне құлақ қойып, үшінші, ең басты тарап-балалардың негізгі проблемаларын талқылау үшін кездеседі. Сондықтан да класс жетекшісінің басты міндеттері бөлімінде ата-аналар жиналышын өткізу бірінші орынға қойылған.

### II. Ата-аналар жиналышының негізгі мақсаттары мен міндеттері

Класс ата – аналар жиналыштарында кластағы оку-тәрбие процесінің міндеттері талқыланады, тәрбиелік процестің құрылымы жоспарланады және талқыланады, ата-аналар мен мектеп ынтымақтастырының стратегиялық бағыттары анықталынаады, бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары шығарылады.

### III. Ата-аналар жиналышының түрлері

Ата-аналар жиналышының түрлері мынадай болуы мүмкін:

- ұйымдастыруышылық
- ағымдық немесе тақырыптық
- қорытындылау
- жалпымектептік немесе кластық

### IV. Кластық ата-аналар жиналышын даярлау нұсқаулығы.

Ата-аналар жиналышын дайындау, өткізу және ой елегінен өткізудің барлық кезендерінде класс жетекшілеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Ата-аналар жиналышын ұйымдастыру ата-аналар жиналышының күн тәртібін белгілеу және оған барлық қатысушыларды шақырудан басталады.

Жиналышты даярлауда ата-аналардың келуін ұйымдастыруды да ойластырылуы да тиіс. Ата-аналарды алдын ала шақырып қою керек, балалардың кластан тыс өмірін көрсететін бейнематериалдарды даярлап, ата-аналар жиналышы өтетін класс бөлмесін безендіру қажет. Тап-таза класта мұнтаздай киінген жарқын жүзді педагог қарсы алғанда ата-аналардың көніл күйі көтеріліп сала беретінін есте ұстаған жөн.

### Жиналыш өткізуде қойылатын талаптар:

- Ата-аналар жиналышының тақырыбы ата-аналар үшін өзекті болуы тиіс;
- Ата-аналар жиналышы ата-аналарға қолайлы уақытта өткізілуі тиіс;
- Ата-аналар жиналышын өткізу жоспары ата-аналарға белгілі болуы тиіс;
- Класс жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынасы сыйрайы әрі сенімді болуы тиіс;
- Класс жетекшісі балаларға ат қойып, айдар тақпауы тиіс;
- Ата-аналар жиналышы педагогикалық жағынан пайдалы және жақсы даярланған болуы тиіс;

## **Мыналарды жасауға болмайды:**

- келген ата-аналарды өткен жиналышқа қатыспағаны үшін кінэлауға
- жекелеген оқушылардың табыстарын салыстыруға
- бүкіл класқа жағымсыз баға беруге
- ата-аналармен қарым-қатынаста уағыз айтушылық үнмен сөйлеуге

**Барынша сыпайы әрі өнегелі болыңыз!**

## **V.Ата-ана жиналышы құзыры.**

- Ата-ана жиналышын қоғамдық бастамада жұмыс атқарады.
- Өз құзырлылығына қарай жиналышты жүргізуши төраға педагогикалық ұжыммен, оқушылар үйымымен, мектептің басқару үйымымен тығыз байланыста болады.
- Білім беруге қатысушылардың құқығын қамтамасыз етуге қажетті жағдайда даулы мәселелерді шешуге қатысады.
- Кластың тәрбиелік шараларының өткізілуіне байланысты мәселелерді үйымдастырады. Даулы мәселелерді шешу жұмысын бақылайды.
- Мектепте кездесетін талас тудыратын сауалдар мен мәселелерді мектеп әкімшілігімен бірлесіп дұрыс шешім қабылдауға ат салысады.
- Белгіленген құзырлылығына сәйкес кластың барлық актілерін бекітеді.

## **VI. Жиналыш шешімі.**

- Жиналыш шешімі көп дауыспен қабылданады, хаттамамен рәсімделеді, төрағалық еткен кенес төрағасы қол қояды.
- Жиналыш шешімі мектептің басқарушы үйымына ұсыныс сипатында берілуі де мүмкін.

## **VII. Жиналыш құжаттары.**

- Жиналыш хаттамасы мен шешімі класс жетекшісінің іс-құжаттары болып сақталады.
- Хаттамаға жиналыш төрағасы мен хатшы қол қойып бекітеді.
- Хаттамалардың сақталуы – 3 жыл.